

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Филология факультеті  
Қазақ әдебиеті кафедрасы

Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan  
L. N. Gumilyov Eurasian National University  
Faculty of philology  
Department of Kazakh literature

**«ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ  
ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

ҚР Мемлекеттік сыйлығының және ғылым саласындағы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер **ЗӘКИ АХМЕТОВТІҢ** 95 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

4-5 МАМЫР, 2023 ЖЫЛ

Астана, 2023

**MATERIALS**

**«NEW PARADIGMS OF LITERARY STUDIES AT  
THE CROSSROADS OF THE HUMANITIES»**

International scientific and theoretical conference dedicated to the 95th anniversary of the winner of the state prize of the Republic of Kazakhstan and the Sh.Ualikhanov Prize in the field of science, academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, Honored Worker of science of the Republic of Kazakhstan **Zaki Akhmetov**

4-5 MAY, 2023

Astana, 2023

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

Г91

**Жалпы редакциясын басқарған:**  
Басқарма төрағасы-ректор Е. Сыдықов

**Редакция алқасы:** Ж. Құрманғалиева, У. Жорақұлов (*Ташкент, Өзбекстан*), Н. Ыйсаева (*Бішкек, Қырғызстан*), Ғ. Нұрғалиева, А. Бейсенбай, Қ. Кемеңгер (*жауапты шығарушы*), Қ. Байтанасова, М. Оразбек, С. Сагидуллиева.

**«Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары»**  
Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, ҚР ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің 95 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 4-5 мамыр 2023 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 310 б.

ISBN 978-601-337-843-5

Жинаққа 2023 жылы 4-5 мамырда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасы ұйымдастырған аса көрнекті әдебиеттанушы ғалым, ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің (1928-2002) 95 жылдығына арналған «Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енді. З. Ахметовтің ұлттық гуманитарлық ғылым тарихындағы орны мен ғалымдық тұлғасын зерделейтін мақалалар және бүгінгі әдебиеттану, фольклористика, тіл ғылымы мен оны оқыту әдістемесін қарастырған ғылыми зерттеулер топтастырылды.

Басылым ғылыми қызметкерлерге, білім алушыларға, оқу, білім, руханият саласының мамандарына, ұлт тарихына ынтызар көпшілік оқырманға арналған.

ISBN978-601-337-843-5

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

«ДИУАНИ ХИКМЕТТЕГІ»  
ПЕЙІШ ПЕН ТОЗАҚТЫҢ АЙТЫСЫ\*

*Аймұхамбет Ж.*

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филол.ғ.д.*

*Астана қ., Қазақстан*

*E-mail: [a\\_zhanat@mail.ru](mailto:a_zhanat@mail.ru)*

**Аннотация.** В статье анализируется состязание рая и ада в хикметах Хожа Ахмеда Яссави. Обсуждается значение эпоса Яссави «Диван-и Хикмет», анализируется духовный смысл понятий рая и ада. Дифференцируется место жанра айтыс в культурной памяти народа, на основе чего анализируется передача характеристики рая и ада и делаются соответствующие выводы.

**Ключевые слова:** мыслитель, турк, дух, суфийское познание, айтыс, рай, ад.

**Annotation.** The article analyzes the contest of heaven and hell in the hikmet of Khoja Ahmed Yasawi. The meaning of Yassavi's epic "Divan-i Hikmet" is discussed, the spiritual meaning of the concepts of heaven and hell is analyzed. The place of the aitys genre in the cultural memory of the people is differentiated, on the basis of which the characteristics of heaven and hell are analyzed and appropriate conclusions are drawn.

**Keywords:** thinker, Turk, spirit, Sufi knowledge, aitys, paradise, hell.

Түркі дүниесінің ұлы ойшылы, рухани көсемі, ғұламасы Қожа Ахмет Ясауи – сопылық философияның һәм сопылық әдебиеттің негізін салушы тұлға. Ол адамзаттың ең асыл, ізгі мұраты туралы философиялық тұжырымдарын көркем тілмен, поэзия жанры арқылы танытты.

Ясауи мұрасының кең көлемде зерттелуі әлемдік ғылымда ясауитану ғылымының дамуына ықпал етті. Бұл тараптағы зерттеулерде түркі және батыс, шығыс ғалымдары маңызды тұжырымдарға қол жеткізді. Зерттеушілер еңбектерінде ұлы ойшыл мұрасы көркем әдебиетке тән заңдылықтар аясында да молынан қарастырылған.

Адамзаттың асыл мұраты – ізгілік жолымен ақиқатқа жету болса, ұлы ойшылдың танымы бойынша рухани биіктеудің төрт сатысы айтылады. Олар: шарифат, тарихат, ақиқат, мағрифат.

Шарифаттың бау-бағында ұран қылдым,

Тарифаттың гүлзарында сайран қылдым.

Хақиқаттан қанат тұтып құс та болдым,

Мағрифаттың есігін де аштым, достар [1. 8]

Осы ұғымдардың әрқайсысы адам баласының кемелденуінде қандай рөл атқаратыны өлең тілімен түсіндіріледі.

Түркі мәдениетінің тұтас бір кезеңі Қ.Ясауидің ілімімен байланысты. Мәдени санада сөз өнерінің алар ерекше орны бар екені белгілі. Осы тұрғыдан келгенде сопылық поэзияның түркі дүниесіне тән дүниетанымды, салт-сананы, әдет-ғұрыпты өз бойына сіңіруі заңды. «Қ.Ясауидің сопылығы поэзиямен де, саясатпен де, өнермен де, тарихпен де, экономикамен де, ал, кеңірек айтқанда түркітілдес қоғамның бүкіл менталитетімен етене ұштасқан», – деп жазады ясауитанушы А.Әбдуов [2. 7]. Бұл пікірді ұлы ойшылдың мұрасын зерттеген ғалымдар да тарқатып айтқан.

Ясауи хикметтерінің мән-мазмұны ұлы гуманистік мұратты арқау етуімен маңызды. Түркі тілдес халықтар поэзиясындағы хикмет жанрының алғашқы әрі тамаша үлгісі ретінде «Диуани хикметтің» мәдениет және әдебиет тарихынан алар орны ерекше. Шығыс поэзиясында тамыры бар бұл жанрдың аясына поэзияның бірнеше пішіндік түрі қамтылған.

Хикмет – араб-парсы поэзиясындағы жанрдың бірі. Бұл жанрға тән басты ерекшелік – мазмұнының жаратылыс құдыретін танытуға, даналық тұжырымға, нақыл сөздерге негізделуі. Бұл аталған сипаттар көне түркі поэзиясына да тән екеніне Орхон жазба

ескерткіштерін, «Қорқыт ата кітабын», М.Қашғаридің «Түркі сөздігін», Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастанын дәлел ретінде ұсынуға болады. Бір ғана мысал: «Жоғарыда көк аспан, төменде қара жер жаралғанда// екеуінің арасында адам баласы жаралған», «Тағдырды тәңірі жасар//Адам баласының бәрі өлгелі жаралған» деп келетін Орхон ескерткіштеріндегі жазу әлемнің жаратылуы туралы бағзы танымды, жаратылыс заңдылығын баяндайды.

Аталған жазбалар мен келтірілген мысал хикмет деп аталатын жанрдың табиғаты түркі дүниесіне мүлде жат емес екендігінің дәлелі. Қ.Ясауи философиялық тұжырым мен тағлымдық мәнге ие өсиет-нақылдан тұратын өлең мазмұнына діни мән, сопылық мазмұн, уағыздық мағына үстеп, шығыс және түркі поэзиясына ортақ жанрды көркемдік-эстетикалық, мазмұндық тұрғыда кең арнаға бұрғаны белгілі. «Диуани хикмет» еңбегінің құндылығын осы тұрғыдан бағалаймыз.

Хикмет жанры аясында бірнеше өлең түрінің тоғысуы бар дедік. Ол туралы зерттеушілердің бірсыпыра еңбектерінде айтылып келді. Біздің бір атайтынымыз – түркі, оның ішінде қазақ сөз өнеріне тән айтыс жанры. Оған тоқталатын себебіміз – автор айтыс үлгісін өз хикметтерінде қолданған. Қ.Ясауи айтыс үлгісі арқылы мәдени жадымызда тұрақты орын алған рухтың о дүниелік тұрағы – бейіш пен тозақтың сипатын жырлағанда ізгілік үстемдігін тірілер санатына сіңіруді мақсат етеді.

Айтыс – тартысқа, сөз таласына бейім жанр. Оның табиғатына тапқырлық, ұтқырлық, шапшаңдық тән. Қарама-қайшы пікірлер қақтығысы осы айтыс өзегіне сіңірілген. Екі тарап да ұту, сөзден тоқтату, өз пікірін негіздеу мақсатында сөз додасына түседі.

Жалпы айтыс, сөз таласы қарама-қайшы ой-тұжырымдардан туындайды. Яғни айтыстың тамырын біз әу бастағы бір-біріне қарсы күштер арасындағы күрес табиғатынан және өзара қайшы ұғымдар болмысынан іздеуіміз қисынды болмақ.

Адамзаттық санада әуелде қалыптасқан архаикалық һәм архетиптік ұғымдардың бірі – рух. Ясауидің Хақты тануды уағыздауының басты мәнісі – рухтың кемелдігіне жету. Рух өз биігінде болуы керек. Ол биік рухани өлшемдермен бағаланады. Рухтың хаос пен космосқа, сол негізде туындаған жарық пен қараңғыға, ізгілік пен зұлымдыққа, күн мен түнге, ақ пен қараға, жақсылық пен жамандыққа тиесілілігі, осындай қарама-қайшы болмыстардың шайқасында басты орынға ие екені мифтік, және діни сенімде барынша айқын көрсетіледі. Рух мәңгілік өмірге ие деген сенім адамзат санасына әбден сіңген. Сондықтан да адам баласы туындатқан өнерде ол өзіндік орын иеленді, түрлі сөз өнері үлгілеріне тақырып болып, бейнелеу өзегіне алынды.

Ұлттық мәдени санамызда сөз өнерінің ерекше бір түрі ретінде орын алатын айтыстың бастауын көне дәуірлерден жеткен құнды жәдігерлерден кездестіреміз. Бір дәлелі – көне шумер жазбаларындағы айтысу үлгілері.

Б. з. б. ХУ ғасырларда Қосөзен деп аталған кең мекенде шумер мәдениеті өркендегені зерттеулерден белгілі. Шумерлерден жеткен жазба жәдігерліктер әр ғасырдағы ғалымдардың назарын өзіне ерекше аударып келді. Ашшурбанипал кітапханасында сақталған сондай жазбалардың бірінде қыс пен жаздың айтысуы туралы мәтін кездеседі. Америкалық шумертанушы ғалым Крамер Сэмюэл Стамбулда төрт айдай уақыт шумер мифтері мен аңыздарының жазбалары бар жүзден астам тақтайшалар мен фрагменттермен жұмыс істегенін айта келіп: «Бұлардың көпшілігі – өте қысқа және орташа өлшемді үзінділер болды. Олардың арасында бірнеше толық тақтайшалар да кездесті. Сонымен қатар, қыс пен жаз арасындағы айтыс туралы сегіз бағаннан тұратын, сондай-ақ мен «Инанна мен Шукаллитуда немесе бағбанның ауыр күнәсі» деп атаған қазіргі күні белгісіз мифке қатысты таңбалаулар болды», – деп жазады [3. 85].

Крамер назар аударған қыс пен жаздың айтысы туралы мәтін есімізге Махмұт Қашғаридің «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегіндегі қыс пен жаздың айтысын түсіреді. Бұдан біз ежелгі көшпелілер фольклорында қыс пен жаздың тайталасын айтыс түрінде беретін нұсқа бар болған деп болжам жасай аламыз. Айтыс сипатындағы тағы бір көне үлгі – Жошы ханның қазасын естіртуде Кетбұқа мен Шыңғыс хан арасындағы жауаптасу.

Айтыстың жазбаша мәтіндердегі тағы бір үздік үлгісі – өзіміз қарастырып отырған Қ.Ясауидің «Диуани хикмет» кітабындағы пейіш пен тозақтың айтысы.

Әлемдік құрылым моделі бинарлық-диадалық сипатымен танылатыны белгілі. Бір-бірімен тығыз байланыстағы мұндай құбылыстар мен заттардың оппозициялық бітімі жаратылыс заңдылығынан туындайды. Қарабайыр мифологияда таңбаланған өмір мен өлім бұл екеуіне қатысты ұғым мен кеңістікті анықтады. Бұл дүниеден өту ежелгі дүние адамдары үшін екінші бір кеңістікке ауысу деп қабылданды. Екінші әлемдегі өмір бұл дүниедегі жан тазалығына байланысты жалғасын табатыны адамзаттық ізгілік қағидалары тұрғысынан түсіндірілді. «Диуани хикметтегі» пейіш пен тозақ айтысы гуманистік идеяға негізделген сопылық танымдағы басты қағиданы танытуымен де құнды екенін ескерсек, осы тұрғыда айтыс жанры табиғатын тиімді пайдаланған автордың таным биіктігі мен тереңдігін ерекше атауға болады.

Қазақ фольклорында кездесетін өлі мен тірінің айтысы, яғни тірі адамның әруақпен айтысуы, өлі мен тірінің арасындағы байланыс туралы Ш.Уәлихановтан бастап Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, С.Мұқанов, т.б. ғалымдар ерекше атап өтеді.

Ш.Уәлиханов «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» атты мақаласында жазғандай: «Қазақтарда әруақты қастерлеу салты қазіргі күнге дейін өз күшінде. Олар басына қауіп төнгенде... сыйынатын аруағын көмекке шақырады. Өмірдегі барлық сәттілікті аруақтардың көмегі жебеді деп түсінеді» [4. 174]. Ғалым «аруақ» сөзін «бабалардың жебеушілік, қолдаушылық құдыреті» деп анықтап көрсетеді [4. 171]. Бұл дүниеден көшкен адам тірі, яғни ол рух түрінде ғұмырын жалғастыра бермек. Пейіш пен тозақ туралы сенімнің негізі осы рух дүниесіне байланысты екенін қайталай айтамыз. Адам бұл дүниеде де, ол дүниеде де белгілі бір заңдылықтармен тірлік ететініне деген наным Шоқанның осы мақаласының соңында келтірілген «Өлі мен тірінің достығы туралы аңызда» айқын көрінеді [4. 189-196].

Өлі мен тірінің «өмір сүруі» қазақ фольклорындағы айтыс үлгілеріне де өзек болған. Мысалға «Өлі мен тірінің айтысын» айтамыз. Х.Досмұхамедұлы «Қазақтың ел әдебиетінің түрі көп екені мәлім. Осы түрлерден ескерілмей келе жатқан түр – аруақпен айтысу» деп үлгі ретінде күйеуі жауда өлген Аймаңдай деген қыздың марқұм болған күйеуімен айтысуын мысал ретінде ұсынады. Аймаңдай күйеуінің қабіріне келіп, топырағын құшақтап, біресе өзі, біресе күйеуі болып сөйлейді [5. 10-11]. Қазақ фольклорында өлі мен тірінің айтысы деп келетін басқа да үлгілер бар.

Ясауи хикметтеріндегі пейіш пен тозақтың сипатын екеуін айтыстыру тәсілімен таныту айтыстың қазақ, одан бұрын түркі халықтары танымына етене үлгі болуымен байланысты.

Хикметті сөйлетсек, пейіш пен тозақ таласы былай басталады:

Пейіш, тозақ таласар, таласуда баян бар,

Тозақ айтар:

«Мен артық, менде Перғауын, һаман бар».

Пейіш айтар:

«Білмейсің, сенде қандай талғам бар?! –

Перғауын, һаман сенде-дүр, менде Жүсіп, Кенған бар» [6. 41].

Перғауын, һаман – жаратушыға шәк келтіріп, өздерін тәңір санаған күнәһарлар. Тозақтың тіліне тиек болған бұл екеуі туралы қасиетті Құранда баян етілген. Ал, бейіштің осы екеуі менде деп мақтан еткен тозаққа «сенде қандай талғам бар?» деп сауал тастауы, әрі Жүсіп пен Кенғанды үлгі етуінің мәні өзгеше. Осылайша басталған айтыс әрі қарай былай өрбиді:

Тозақ айтар:

«Мен артық, дүниепарас көп құл жүр,

Қолдарына салынған алмас кісен, от-шынжыр».

Пейіш айтар:

«Мен артық, мен – пайғамбар мекені,  
Алдарында олардың: кәусар, һүр мен нөкері» [6. 41].

Тозақ өзіндегі жандардың қолында алмас кісен, от-шынжыр жүргенін мақтан етсе, пейіш өзінің пайғамбарлар мекені екенін, оларға тиесілі кәусар мен нөкерлерді, үр қыздарын айтады. Тозақ сонда тайталасып, өзіндегі денесін азап пәршалайтын жөйіт пен тарса туралы айтады. Пейіш болса өзіндегі иманды құлдарымен, мүміндерге тиесілі нығмет – гүлзар бағымен марқая сөйлейді.

Тозақ айтар:

«Мен артық, менде жөйіт, тарса бар,  
Жөйіт, тарса тәндерін сансыз азап паршалар».

Пейіш айтар:

«Мен артық, менде иманды құлдар бар,  
Момындардың алдында шексіз нығмет – гүлзар бар» [6. 41].

Тозақ залым құлдарымен, оларға берілетін зәһар-зәрімен мақтанса, пейіш өзіндегі ғалым құлдарын, олардың көңілінде аят пен хадистің барын алға тартады.

Тозақ айтар:

«Мен артық, залым құлдар бар менде,  
Залымдарға беретін зәһар – менде, зәр – менде».

Пейіш айтар:

«Мен артық, ғалым құлдар – төрімде,  
Аят, хадис, құран бар ғалымдардың көңілінде» [6. 41-42].

Тозақ тағы да өзінің артықшылығы ретінде алаяқтарды, мойынына оттан кісен салынған мұнафықтарды атаса, пейіш көңілінде зікірі мен пікірі бар сопыларды, хақ жолын тұтынған жандарды айтады:

Тозақ айтар:

«Мен артық, алаяқ бар – қойынымда,  
Оттан ескен кісен бар мұнафықтар мойынында».

Пейіш айтар:

«Мен артық, менде – хақ жол тұтқандар,  
Сопылардың көңілінде зікір, пікір, Сұбхан бар» [6. 41].

Тозақ болса өзінде намазға жығылмаған аярлардың бар екенін, олардың мойнындағы жылан мен шаянды айтады. Сонда пейіш өзінің артықтығын Дидар-Мұратпен, жаратушының ұлы сипат-есімдерімен дәлелдейді:

Тозақ айтар:

«Мен артық, бейнамазды аяр бар,  
Бейнамаздың мойнында жылан менен шаян бар».

Пейіш айтар:

«Мен артық, менде – Дидар-Мұратың,  
Жар Дидарын көрсетер бар Рахман-Рахым!» [6. 42]

Айтыс пейіштің жеңісімен, тозақтың жеңілісімен тәмамдалады. Тозақтың дәлелдері мен мақтан тұтқандары адам баласы үшін тағлымды іс еместігі, жақсылықпен емес, жамандықпен, ізгілікпен емес зұлымдықпен байланысты екендігі, ал оның жаратушы Хаққа ұнамайтыны ақиқат. Сондықтан да бұл айтыстың соңы пейіштің салтанатты жеңісімен, гибратпен, даналықпен түйінделеді.:

Тозақ сонда тақ тұрды,

Пейіш көкке самғады, ал,

Құл Қожа Ахмет, не білдің? –

Білдіруші Алла бар! [6. 42]

Ясауи айтыс үлгісінде жақсы мен жаманды, адамға тән ізгі қасиеттер мен адам аулақ болар жаманшылықты, адамшылыққа жат зұлым әрекеттерді және игі істерді сипаттайды. Оларға баға береді. Оқырманға рухани тазалықты өнеге етеді.

Пейіш пен тозақ туралы әлем әдебиетінде біраз дүниелер жазылды. Олардың қатарында итальяндық ұлы ақын Данте Алигьеридің (1265-1321) «Құдыретті комедиясын» айтуға болады. Ойымызды А.Әбуовтің мына пікірі қуаттай түседі: «Біз Қ.А.Ясауидің «Хикметтерін» түркі халықтары мәдениеттерінен, ішкі рухани жан дүниесінен мағлұмат беретін поэзияның діни-философиялық жанр дүниесі деп танымыз. Оның көптеген сюжеттері де әлемге әйгілі шығармаларымен идея жағынан ұқсас болып келеді. Мәселен «Диуани хикмет» пен Дантенің «Божественная комедия» арасында ұқсастық бар» [2. 14]. Бұл ғана емес, әлем әдебиетіндегі басқа да көрнекті тұлғалар туындыларындағы гуманистік идея Қ.Ясауи дастанымен өзектес.

«Құдіретті комедия» өз дәуірінде жерден тысқары дүние хақында ой толғайтын қасиетті поэма («роета sacra») ретінде танылған. Ал бүгінгі көзқарас тұрғысынан бағаласақ, философиялық ойларды көркем образдар арқылы ұсынатын бұл шығарма – «Тамұқ», «Бәрзақ», «Жұмақ» деп аталатын үш бөлімнен (кантикадан) тұратын, поэзиялық формада жазылған эпикалық туынды» екенін осы поэманы қазақ тіліне аударған К.Ахметов атап өтеді [7. 11]. Бұл поэмада жұмақ пен тозақ сипаты әрқайсысы отыз үш жырдан тұратын бөлімдерден түзілген. Аталған туынды рух әлемін ерекше қалыпта өлеңмен өрнектеген құнды дүние ретінде ғасырлармен бірге мәдени жадымызда жатталып келсе, Қ.Ясауи туындысы да дәл осы биікте деп білеміз.

Пейіш пен тозақты айтыстыра келе Қ.Ясауи адамзат баласының мәңгілік мұратына айналған рух биіктігі мен кемелдігін, адами танымда салтанат құратын мінсіз ақиқат әлемін өнеге етеді. Бұл ғибрат-өнегені жырлауда халықтық мәдени танымда ерекше мәнге ие болған айтыс үлгісін де назарға алуы ғұлама ойшылдың теңдессіз білімі мен білігін, әлемдік, адамзаттық деңгейдегі айрықша рухани болмысын аңғартады.

Қожа Ахмет Ясауи еңбегінің дәуірлік мәні мен қуатын осындай тұжырымдармен бекіте түсеміз.

*\*Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын «AP14870245 – Ахмет Ясауидың «Диуани хикметіндегі» тілдік-мәдени кодтар» атты гранттық жоба негізінде жазылды.*

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Ясауи Қ. Диуани хикмет (Хикметтер жинағы). Қазақ тіліне аударғандар: Қ.Қари, Ғ.Қамбарбекова. – Астана: «Ғылым» баспасы, 2016. – 210 б.
2. Әбдуов А. Қожа Ахмет Ясауидің дүниетанымы. – Алматы: «Көкжиек-Горизонт», 2022. – 204 б.
3. Крамер Сэмюэл Н. История начинается в Шумере. 2-е изд., измен. Пер. с англ. Ф.Л.Мендельсона. – Москва: «Наука». Главная редакция восточной литературы, 1991. – 235 с.
4. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
5. Досмұхамедұлы Х. Аруақпен айтысу. Кітапта: Айтыстану. Ғылыми жинақ. – Астана: «Жалғас-Print», 2013. – 420 б.
6. Қырық хикмет. Құрастырған Нұржан С. – Алматы: «Эффект» ЖШС, 2013. – 88 б.
7. Алигери Д. Құдыретті комедия. Орыс тілінен аударған К.Ахметов. – Астана: Аударма, 2012. – 792 б.